

өнерінің тарландары Құрманғазы, Мәмен, Дина, Оқап, Қалидің мүсіндері орнатылды.

Қатар тұрған мүсіндерге қарасаң, Жаңақала өлкесі өмірге талай дарынды күйшілерді дүниеге әкелген атырап екеніне көзің жетіп, ерекше толғаныста боласың. Сонымен қатар, Қали атаның басына да мүсін орнатылды.

Жаңақала ауданы әкімдігінің ұйғарымымен "Дина әже ізімен" атты аудандық экспедициялық топ құрылып Көпжасар-Жаңақала-Орал-Атырау-Астрахан-Қызыл Жар-Байбек-Кіші Арал-Алтын Жар-Козлово-Атырау-Алматы-Атырау-Орал-Жаңақала жерлерімен жүріп, тың деректер іздеп-тауып, оларды таныстырып насихаттау шаралары қолға алынған.

Сөйтіп, ХХІ ғасыр күй анасы-дарабоз күйшіге тағзым етті. Дина Кенжеқызы Нұрпейісованың өршіл де сыршыл, сазды да үнді, биязы

да қатты, адамның рухын көтеретін табиғи, тіршілікпен үндес күйлері туған елі барда мәңгілік жасай бермек.

1. Жұбанов А. "Ғасырлар пернесі" Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер.-Алматы: Дайк-Пресс, [2002,-160 б.]

2. // "Жаңарған өңірі" Жаңақала аудандық газеті 1991, - 21 ақпан №24

3. Орынғали Қ. "Дина күйші" жинағы-Алматы. Арыс, [2004.- 17 б.]

4. //Егемен Қазақстан 2011. 4 қазан

5. // "Жаңарған өңірі" Жаңақала аудандық газеті.

\* \* \*

В статье исследуется творчество в искусстве жанра кюй выдающегося казахстанского композитора домбриста Дины Нурпейсовой.

\* \* \*

The article Uteuova Zhenis Kimranovicha isleduetsya about creativity, art genre Kui, an outstanding composer and Kazakhstan Dina Nurpeisova dombra player.

### *М. Рашатқызы*

## ҚАЗАҚ ХАЛЫҚЫНЫҢ БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЫРЫМЫНЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ТӘРБИЕСІ

Ықылым заманан бері келе жатқан халықымыздың өзіндік түске ие мәдениетімізде, ғұрып әдетімізде, философиялық ой-қортындыларымыз да мол халықбыз. сонау ертедегі арғы ата-сынан бүгінгі заманға дейін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ырымдарымыздың ішіндегі ең көбі балаларға қатысты ырымдар болмақ. Халықымызда мынадай бір аталы сөз бар « адам өзі мың жасамайды, ұрпағымен мың жасайды» демекші. Міне осыдан халықымыздың ұрпақты болуға ерекше мән беретіндігін әрі ерекше бала жанды халық екенін, ұрпақ қамын маңдай алды орынға қойатындығын көріуімізге болады, сол сияқты «бала бақыт», «бала болашақ» сияқты көптеген мақал-мәтелдерімізде бар болса, ал халықымыз бір адамның бақытты бақытсыздығын көбінесе баласының бар-жоқтығы, аз-көптігі, жақсы-жамандығымен өлшеп бағалаған, баланы бақытымыздың құт-берекесі, нышаны деп біледі. Анасының құрағынан бастап дүние есігін ашқанша іштегі нәрестеге және анасына ерекше көңіл бөліп, анасын күтімге алап қасетрлейді. Бала аман-есен дүниеге келіп көзін ашқанша ананы қорлайтын, мазалайтын қылықтарға тыйм салады, мұндай қылықтар құрсақтағы нәрестеге қаратылады, дүниеге келмеген нәрестені қорлайтын сөздер айтысаң онда сен

ұрпақсыз қаласың кұнаға батасың деп ырымдаған. Дүние есігін ашпаған баланың дүниеге келерде аман-сау туылуы үшін әрі кемтар болып қалмауы үшін, халықымызда екіқабат болған әйел заты шашын кеспейді деп ырымдаған. Мұның барлығы іштегі баланың бағы сөнеді деп ырымдаған.

Қазақ халықының сонау көне ырымында екі қабат әйел ұлбала табамын десе, ер адамның қару жарағын, шалбарын, ал қызбала табамын десе қызылала шыт әйел адамның көйлегі, жүзік, сырға, алқа, білезік, моншақ тағы басқа әсемдік бұйымдарды басына жастап жатады. Міне осыдан қазақ халықымыздың балаға деген інкарлығы зор екенін, бала десе түн ұйқысын төріт бөлетінін тағы бір қырынан аңғарамыз. Жаңа түскен келіннің бала көтеріп жерік болғанын сезсе, қайын енесі ағынан жарылып «төсек той» ырымын жасап көршілерінде қуантады. Жиналғандар жас келіннің төсегіне теңге іліп қояды.

Балалармен қатысты ырымдардың ішінде түйемен қатысты болған ырымдарда бар, не үшін дегенде түйе әдетте онекі айда боталап бота туады, жүкті болған әйел түйенің етін жеп шұбатын ішіп жүннен дайындалған киім кесе, жүктілік мезгілі ұзарып кетеді деп ырымдаған.

Міне осыдан қазақ халықының іштегі нәрестеге ерекше көіл бөліп, аман-сау дүниеге келуін, күдайдан тілеуін тілеп амандығын сұрайды.

Бала дүние есігін ашқаннан кейінгі балаға қатысты ырымдардың өзінде өз басына бір төбе. Дүниеге келген баланың кіндігін кесу, ат қою, бесікке салу, шілдеhana тойын жасау, тұсау кесу қатарлы ырымдарда бар. Туылған нәрестенің кіндігін киелі әйелге немесе ауылында ел қалауына бөленген, жасы үлкен парасатты, ізгі ниетті үлкен кәрі әжелерге кестіреді, үйткені нәресте кіндік шешесіне тартады деген нанымдық сенім бар, баланың кіндігін айбалтамен де кескен, кіндік кескен балтаны сақтап қояды, айбалтамен баланың кіндігін кесуі – бала ержеткенде ержүрек, батыр, ел қалауынан шыққан адам болсын, халықына жағымды ізгі ниетті болсын деп ырымдаған. Үл баланың кіндігін алысқа лақтырып жібереді, бұнысы «далада өскен ержүрек батыр болсын, үй күшік болмасын» дегені болса, ал қыз баланың кіндігін от басына ошақтың түбіне көміп қояды, қыз бала болса «үйдің құты, берекесі» деп ырымдаған. Осыдан басқа баласының ертеңгі болашағын ойлаған үлкендер, баланың кіндігін кітап арасына салып қойған. Баламыз оқымысты, білімді болсын, оқу біліммен көз аяасын ашсын деген ізгі ниеттері еді. Ат құлағында ойнасын деген тілекпен аттың жалына байлап қоятын дағыдыда бар, «тілегімізді кіндік кескен жерден, кіндік қаны тамған жерден бер» дейтін аталы сөздер осы ырымдардан қалған.

Бала туылғаннан кейін баланың ең алғашқы киімін «ит жейде» деп атаған, баланың ит жейсін далаға тастамайды, албаты біреуге бере салмайды. Баланың бақыты сол ит жейдеде деп ырымдаған әрі сол ит жейдесін киген күннен басталады деп ырымдаған. Бұрынғы жаугершілік заманда елін, жерін қорғаған батырлар болсын, дауға барған көсемдер болсын баласының ит жейдесін қойнына салып алып жүрген. Сол жейде қауып қатерден пәле-жаладан сақтайды деп ырымдаған. Алыс жол жүрген немесе сапарға аттанған ерлі зайыптылар баласының ит жейдесін тастамай алып алған бұнысы болса, біріншіден, жолымыз оң болады деп нанса. екіншіден, баласын сағынғанда сол жейдені ійскеп сарық сағынышын басқан. Баланың өмірі ұзақ болсын деп ит жейдесін итке орап итке тастаған. Иттер таласып жейдені жыртып тастаса, баланың өмірі ұзақ болады деген. Баланың еңбегін баспайды. Үйткені баланың жаны мен бақыты еңбегінде болады дейді. Баланың былқылдап тұрған еңбегін басса, миы

зақымдалады өміріне қатер төнеді, першесі шошынады деп ырымдаған.

Бала туылғаннан кейін бесікке салу. Біріншіден, жылы, жәйлі, жақсы жатады. Екішіден, таза, құрғақ жатады. Үшіншіден, бала тынышты ұйқысын бұзбайды. Төртіншіден, нәрестенің денесі зақымсыз, тұзу, әдемі өседі. Бесіншіден, көшіп қонғанда ат алдына алып жүруге, түйе қомына артып қоюға бесік қолайлы болған. Бесікке үкінің үлпілдек қауырсынын қадап қояды. Қыран бүркіттің тұяғын, жылқының жалын, түйенің шудасын тұмар етіп бесікке байлайды, бесікте жатқан баланы тіл көзден сақтау үшін, шошынып қалмауы үшін қасиетті бұйымдарды тағып қойған.

Қазақ ескі бесікті далаға, жұртқа тастамайды, тастауға тура келсе, ақтық байлап ақ сүт тамызып, бір уыс дәм қойып, өртеп күлін жерге көміп кетеді. Далада жұртта қалған бесікке жын үймелеп баланың орнына жатып алса, бұрын осы бесікте жатқан бала ауыру болады. бағы жанбайды деген, бесікті сатуға кез-келген адамға бермеген, аяқ астына тастауға тіпті болмайды. Нәрестеті бесікке бөлеуден бұрын адыраспанды отқа жағып тұтатып, бесікті айналдырып аластап нәрестені бесікке бөлеген. Бесікті бейуақытта далаға шығармайды, Бесікте жатқан нәресте шошынады деп ырымдаған. Бесікке пайдаланып жүрген түбекті, шүмекті төңкермейді. Оны төңкеріп қойса, ішіне кір басып пәле үймелейді. Отбасына қойса қуарып семіп қалады. Сондықтан, оны таза жуып күн көзіне кептіру керек, олай істемесе бала қуығы тұтылып ауырады, жіңшке ауыруға жолығады деп ырымдаған, баласы көп үйдің бесігін жақсы ырымға жорып, жақын туыстары қалап алып, жаңа түскен келіннің отауының төріне қойған.

Қазақ халықы баланы бесікке салғанда, ауылындағы ең беделді, ең аяулы, көп балалы болған, өнегесі мол, халық қастерлеп қадырыне жеткен, ақ көңіл, ашық жарқын ана бесікке салады. Ондай ананың қолы киелі, қолынан бесікке салынған бала аман болады, өмірі ұзақ болады. Бақ қонады, алды ашық, өмірі көңілді өтеді, жамандық көрмейді деп ырымдаған. Бесікті көбінесе баланың нағашысы алдын-ала арнайы жасатып бесік тойына тартыу етеді. Онысы жиен-жекжат, үрім-бұтағым өсе берсін, өрісім кеңейе берсін деген жақсы ізгі ниетті ырымдаған, бесік ұрпақ жалғастыратын қасиетті бұйым деп қастерлеген, баланың тұсауын салтанатты түрде кеседі, ата-анасы бөбектің әр бір басқан қадамы «құтты болсын» деген тілекпен ауылдағы көңіл жетер жақын адамдарын, туыс-

тарын шақырып, ақсарбас малын сойып, мол дастарқан жайып күтеді. Той үстінде баланың тұсауын кеседі, баланың екі аяғын ала жіппен және малдың тоқ ішегімен тұсап қояды да ауылдағы ең беделі жоғары, ел ішінде абыройы бар, қол-аяғы жеңіл деп саналатын әйелге тұсауын ырым мен ақсақалдар тұсауы кесілген балаға ақ батасын береді, аналар жағы шашу шашып құттықтайды. Егерде баланың тұсауы кесілмесе, бала сүріншек болады. Ержеткенде топ ауыруына жолығады деп жаман ырымға балап, баланың тұсауын салтанатты түрде кесетін болған. Үлкендер баласын сыпыртқы мен көсеумен ұрмайды, балаға пәле жабысады, қырсық шалады деп ырымдаған.

Бала ержетіп азамат болғанда отау тігіп, бауырына қазан асқанда, босаған берік түтінің түзу ұшсын, төріт түлігің түгел болсын деп, үлкендер баланы сүннетке отырғызғанда шертбені тастамай киіз үйде құрулы тұрған шидің басына іліп қояды. Балаға ешкінің құйыршығын, сыйрағын, қойдың құймышағын балаға мұжыуға бермейді. Бала есейіп ержеткенде жеңілтек болып кетеді. Ата-анасының сөзіне құлақ аспай, өз бетімен бейбастақ болып кетеді, ел жұрытқа жек көріншті болып кетеді деп ырымдаған. Міне осының барлығы балаға жаман ырым істеуге болмайтынын ақыл-кеңестерді айтып балаға жақсы болуға тәрбиелеген. Міне осыдан қазақ халықмыздың атадан-балаға жалғасып келе жатқан балаларға қатысты ырымының өзіндік мәнінің зор екендігін аңғарамыз. Әрі бала тәрбиелеуге ерекше көңіл бөліп. Балаларды жақсы өнеге үйренуге талпындырып, жаманнан жиренуге одан аулақ болуға тәрбиелеген.

Баласының ертеңгі болашағын ойлаған халқымыз мал сойғанда аналық малды сойғызбайды тек аталық малды сояды, аңның да аналығы мен төлін ауламайды, бұл аңның малдың киесі болады, әрі албаты тисең киесі атады деп ырымдаған, балаларды әдеп ибаға тәрбиелеп, жақсы өнегелі ұрпақ болуға, тексіз болып кетуге қатаң тиым салған. Үлкендер сөйлесіп отырғанда балалардың қосанжарласып отыруына, әке-шешесінің сөзіне құлақ аспауына тыйм салған, «әке тұрып, бала сөйлегеннен без» деген ақыл сөздерді нәсіқаттаған. Осының барлығы әдеп-иба тәрбиесінің құрамдас бір бөлігі болып саналады.

Жоғарыда балаларға қатысты ырымының мәні мен тәрбиесі. барлығы болса халықмыздың ұрпақ қамын ойлайтын, ұрпақ тәрбиелеуде, аман-есен баулып бағып-қағып тәрбиелеуде ерекше көңіл бөліп қалмастан, балаларға тәрбие айтуда, жаманнан аулақ болуға, оған жоламауды ескертіп отырған. Балалар осы айтылған әр-бір сөзді кейін есейіп ержетуі барысында осы айтылған әрбір ауыз сөздің маңыздылығын аңғарып, өзіне тәрбие беріп отырады.

1. Болат Бопайұлы: «Асыл қазына», ҚХР ШҰАР халық баспасы, 2003-жылы.

2. «Қазақтың мың бір ырымы» ҚХР Іле халық баспасы, 2003-жыл.

3. «Қазақтың дәстүрлі денсаулық сақтау тәрбиесі» ҚХР Іле халық баспасы, 2009-жыл.

\* \* \*

В статье рассказывается о значении поверий про детей у казахского народа.

\* \* \*

The value of beliefs about children among the Kazakh nation.